

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Экономика және басқару факультеті

Халықаралық қатынастар кафедрасы

“Халықаралық қатынастар” кафедрасының PhD, доцент м.а. Р.Тажибаев және ЗХҚ-311-312 тобтарына “Мемлекеттік егемендік: тарихи сабақтар және тәуелсіз Қазақстанның даму жолы” тақырыбында өткізген тәрбие сағаты

28.10.2025ж.

Қатысушылар: Топ басшылары мен студенттер қатысты

Бұл тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қол жеткізудің тарихи маңыздылығын және бұл жолда болған қиындықтарды талқылауға арналды. Жиналғандар өздерінің ұлт тарихы мен тәуелсіздік үшін күрестің сабақтарынан алған білімдерін кеңейтті. Сағат барысында Қазақстанның егемендігін алу жолындағы тарихи кезеңдер, тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі мемлекеттік даму процестері мен жетістіктері туралы айтылды.

Қатысушылар еліміздің қалыптасу тарихын, егемендік алу жолында халықтың көрсеткен ерліктерін және мемлекеттің әлемдік аренада алған орнын мақтанышпен атап өтті. Сонымен қатар, еліміздің даму жолында кездескен қиындықтар мен қазіргі таңдағы жетістіктерді бағалау өте маңызды екендігі атап өтілді.

Қорытындылай келе, мемлекеттің егемендігі – әрбір қазақстандық үшін ұлы құндылық болып табылады. Бұл тәуелсіздік жолында елімізді қолдай отырып, оны нығайту мен дамытуға, жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне дұрыс бағыт беру қажеттігіне көңіл аударылды. Тәрбие сағаты мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігін қадірлеу, оны қорғау және болашақ ұрпаққа жеткізу жолында бәрімізге үлкен жауапкершілік жүктелетіні туралы маңызды ойлармен аяқталды.



